

ASTANA

AQSHAMY

ҰЛТ АТАУЫН ҚАЙТАРҒАН

«Ұлт мақтанышы» деректі фильмінің 6-бөлімі көрнекті мемлекет қайраткері, ақын, жазушы, драматург Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығына, қайраткерлік қызметіне арналған. Бұл туынды осыдан жеті жыл бұрын тұлғаның туғанына 120 жыл толуына орай түсірілген. Елордадағы С.Сейфуллин музейі тұғырлы тұлғаны насихаттап, жұртқа таныта түсу мақсатында аталмыш туындыны әлеуметтік желілерге таратты. Сценарий авторы – Ардақ Берікбай, қоюшы режиссері – Серік Тұрмағамбетов, редакторы – Ерлан Төлеутай. Сұңқар Сәкен бейнесін танымал тележүргізуші Иманбай Жұбай сомдады. Түсірілімге Сәкен Сейфуллиннің жақындары мен сәкентанушылар – Тұрсынбек Кәкішев, Амантай Кәкен, Назгүл Сапиянова қатысты.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік кинофотоқұжат және дыбыс жазу мұрағатының материалдары пайдаланылған фильмде тұлғаның туғанынан өмірден өткенге дейінгі деректер қамтылды.

Сәкен Сейфолла мен Жамалдың шаңырағында туған жеті баланың тұла бойы тұңғышы болды. Омбы мұғалімдер семинариясында оқыды. 1916 жылы Ақмолаға келіп, ақпан төңкерісінен кейін жаңа заманды құруға белсене атсалысады. «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» атты мақаласынан соң ұлтшыл атанады.

1936 жылдың мамыр айында КСРО Жоғарғы атқару комитетінің Жарлығымен Сәкен Сейфуллин қазақ жазушылары ішінде тұңғыш болып «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Сол жылы қаламгердің шығармашылық қызметінің 20 жылдығы атап өтілді. Бірақ бір жылдан кейін, 24 қыркүйек күні тұтқындалды. 1938 жылдың 25 ақпанында атылды.

Сәкен Сейфуллиннің ұлтымызға өз атауын қайтарып беруімен қатар, білім мен ғылымның, өнердің өркендеуіне қосқан үлесі мол. Бұған архивтік құжаттар дәлел. Кейбір құжаттардың көшірмелері мен тұлғадан қалған біраз жәдігер бас қаладағы С.Сейфуллин мұражайында сақтаулы.

Аманғали Қалжанов